

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

19.03. 2025 жыл

Қатысқандар: АК төрайымы:

1.Әбсаттар С.Т.

Халықаралық қатынастар кафедрасы

АК мүшелері:

- | | | |
|-----|--------------------------------|---|
| 1. | Тажибаев Рашид Ибрагимович | Халықаралық қатынастар кафедрасы, PhD,аға оқытушы |
| 2. | Анламасова Мақпал Касымхановна | Халықаралық қатынастар кафедрасы, PhD, кафедра меңгерушісі |
| 3. | Нысанбаева Алия Маликовна | Халықаралық қатынастар кафедрасы, саяси ғ. к.,аға оқытушы |
| 4. | Исаев Мұхтар | Философия кафедрасы меңгерушісі, PhD,аға оқытушы |
| 5. | Қалдыбай Қайнар | Философия кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 6. | Сержан Оразбай Қарсыбайұлы | Дінтану кафедрасы, аға оқытушы |
| 7. | Аралбеков Нуркен Бауржанұлы | Түркістан облысы әкімінің аппараты ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аумақтық даму бөлімінің бас инспекторы |
| 8. | Женгизхан Жаналтай | Еуразия ғылыми-зерттеу институты директоры орынбасары, Алматы қ. |
| 9. | Халықов Медет Музаппарович | Түркістан облысы әкімдігі Дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу» орталығының директоры |
| 10. | Бердибекұлы Мәди | 6B03138-Халықаралық қатынастар БББ білімгері |
| 11. | Рысбайқызы Аймереке | 6B03187-Психология- дінтану |
| 12. | Райымқұл Айгерім | 7M03117 Саясаттану БББ білімгері |
| 13. | Мұстафа Санжар Ышын | 7M03140 Халықаралық қатынастар БББ білімгері |

Қатыспағандар: -**Күн тәртібі:**

1. ББ-ның 2024-2025 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне (Атамекен, НААР, НКАОКА) қатысу нәтижелерін және оқу жылында қол жеткізетін нәтижелерін талдау
2. 6B03138-Халықаралық қатынастар БББ бойынша пәндердің мазмұнына Жасанды Интеллект (ЖИ) технологияларын белсенді пайдалану бойынша өзгерістер енгізу.
3. Бакалавр және магистратура деңгейіндегі ББ-лары бойынша жұмыс беруші өкілдерімен кездесу ұйымдастыру
4. ББ Тізілімдемесіне әзірленген ББ – ларын енгізу
5. ББ тізілімдемесіне әзірленген ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу

АК төрағасы Әбсаттар С. сөз алып АК мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселені ББ-ның 2024-2025 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне (Атамекен, НААР, НКАОКА) қатысу нәтижелерін және оқу жылында қол жеткізетін нәтижелерін талдау, әзірленген, жаңартылған ББ-ны Реестрге енгізу бойынша атқарылған жұмыстарды қарастыруды, талқылауды ұсынды.

6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының өзін-өзі бағалау есебін қарастырайық. Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша тек 6B03138-Халықаралық қатынастар БББ бойынша өзін - өзі бағалау есебі жасалды. Оның ішінде, 2024- 2025 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне (Атамекен, НААР, НКАОКА) қатысу нәтижелерін және оқу жылында қол жеткізетін нәтижелерін талдау мәселесіне тоқталсақ. **АК мүшесі Тажимаев Р.** сөз алып, 6B03138-Халықаралық қатынастар БББ бойынша өзіндік бағалау нәтижелері соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері 2021 – Атамекен – 16/21, 2022- Атамекен қатыспады, 2023-Атамекен 11/22, 2024-Атамекен 17/19, 2025-Атамекен 10/20.

Екінші мәселе бойынша АК төрағасы Әбсаттар С сөз алып әзірленген, жаңартылған ББ-ны Реестрге енгізу жайлы қарастырсақ. **АК мүшесі Анламасова М.:** 6B03138-Халықаралық қатынастар БББ бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы қосымшалары негізінде талдау жасалып, өзгерістер болған жағдайда ұсыныс беру қажеттілігі айтылды. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі жаңа технологиялардың ықпалымен қарқынды түрде өзгеруде. Оның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында маңызды орын алуда. ЖИ технологиялары білім беру процесін жетілдіру, оқу әдістерін жаңарту және студенттерге жеке көңіл бөлу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін әлеуетті құрал ретінде танылды. (Сондықтан жасанды интеллектті білім беру бағдарламаларына енгізу -- бұл оқу сапасын арттыру және студенттердің академиялық нәтижелерін жақсарту үшін стратегиялық маңызды қадам. Сөз кезегін АК төрағасы алып, АК мүшелеріне пәндер тізімін ұсынып, өз ойларын, ұсыныстарын ортаға салуға шақырды. **АК мүшесі Тажимаев Р.** сөз алып жасанды интеллект технологиясының туризм саласында қолданылуы, оның ішінде негізгісі аналитикалық талдаулар жүргізуде, жасанды интелект технологиясын қолдану маңызды болғанын негізге алатын болсақ, 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының ішіндегі Цифрлы Дипломатия пәнінің мазмұнына енгізуді ұсынамын деп өз сөзін аяқтады. Бұл ұсынысты АК мүшелері мәжілісте талқылап, қарастырып, барлығы бірауыздан қолдады.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, Тажимаев Р. алды:

АК жұмысы ұйымдастырылып «Әлеуметтік ғылымдар» даярлау бағыты бойынша АК жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді, ережелермен таныстырылды, айта кетейік «Түркістан облысы Әкімі Аппараты ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аумақтық даму бөлімінің бас инспекторы Н.Аралбековпен және Еуразия ғылыми-зерттеу институты директоры орынбасары Жәнісхан Жаналтаймен кездесіп кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді. АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Аралбеков Н.:

Қазіргі таңда жас мамандарды мемлекеттік қызметке дайындау, жоғары деңгейді жауапкершілік, жастар арасында қоғамдық дамудың жалпы заңдарын, ішкі және сыртқы факторлардың, олардың компоненттерінің өзара іс-қимылын, жұмыс істеуін, дамуын, негізгі процестерді білу, отбасылық және жастар мәселелермен жұмыс істей білу, алынған ақпаратты синтездей және талдай білу, Ақпараттық технологиялар саласында білімі мен іскерлігі, дербес компьютер мен ақпараттық технологиялар, Деректер базалары мүмкіндіктерін пайдалану, ақпаратты көрнекі түрде- зерттеулердің нәтижелерін ұсыну жұмыстарымен үйрету бұл дағдыларды қалыптастыру керекпіз. АК мүшесі, академиялық персонал – Тажимаев Р.:

Пікірлеріңізге толық қосыламын. Ал Университет түлектерінің моделін әзірлеу жұмыстарына келетін болсақ. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті ТҮЛЕГІНІҢ АТРИБУТТАРЫ болып төмендегіше бекітілді:

1. Жоғары этика мен парасаттылықты ұстанады.
2. Ашықтық пен сыйластық қағидаттарын ұстанады.
3. Көшбасшы, жаңа мүмкіндіктер іздейді және шешім қабылдайды.
4. Көптілді, мәдениет пен қоғам алдындағы жауапкершілігі жоғары және тұрақты даму мақсаттарын ұстанады.
5. Кәсіби саласында білімді, инновациялық және бейімделгіш.
6. Заманауи цифрлық технологияларды меңгерген.
7. Жаңа идеялар ойлап табады, өзгерістер енгізуге ұмтылады.
8. Өмір бойы білім алуға және ізденуге қабілетті.

Күн тәртібіндегі 4,5- мәселелер бойынша сөз алған АК төрағасы Әбсаттар С.: ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар бойынша басты мына мәселелерге назар аударылуы қажет:

6B03138, 7M03138 Халықаралық қатынастар БББ-ның бакалавриат және магистратура деңгейлері және 7M03117- Саясаттану БББ бойынша жетілдіру білімгерлерді сапалы теориялық және тәжірибелік біліммен қамтамасыз етуге бағытталған әртүрлі аспектілерді қамтуы мүмкін. Ағымдағы әлемдік оқиғалар мен халықаралық саясаттағы өзгерістерді ескере отырып, БББ жүйелі түрде жаңарту. Білім және тәжірибе алмасу үшін халықаралық білім беру мекемелерімен және ұйымдарымен серіктестікті дамыту. Тұрақты халықаралық конференциялар мен семинарларды ұйымдастыру. Бағдарламаны үздіксіз жетілдіру үшін студенттер мен бітірушілермен тұрақты бағалау және кері байланыс жүйесін енгізу. Осы мәселелерді ескере отырып ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірленді.

АК төрағасы Әбсаттар С.: Құрметті АК мүшелері, күн тәртібіндегі **төртінші мәселе** ББ тізілімдемесіне әзірленген ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу бойынша тоқталсақ. 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы қосымшалары негізінде жасалған талдау нәтижесі жасалды. Соған сәйкес силлабустар мазмұнына өзгерістер енгізілген. Осы мәселелер ұсынылған кафедралар хаттамасында қарастырылып бекітуге ұсынылды.

Шешім:

1. Әлеуметтік ғылымдар даярлау бағыты бойынша ББ-ның 2024-2025 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне (Атамекен, НААР, НКАОКА) қатысу нәтижелерін және оқу жылында қол жеткізетін нәтижелері қабылдансын.
2. 6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының ішіндегі Цифрлы Дипломатия пәнінің мазмұнына Интеллект (ЖИ) технологияларын белсенді пайдалану бойынша өзгерістер енгізілсін.
3. Әзірленген, жаңартылған ББ-ны Реестрге енгізу ұсынылсын.
4. ББ тізілімдемесіне әзірленген ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірленсін.

Мәжіліс төрағасы:

Әбсаттар С.

Хатшысы:

Нысанбаева А.

